

**Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 6 қыркүйектегі "Жәнібек ауданының жерлерін салық салу мақсатында жер салығының базалық ставкасының түзету коэффициентін бекіту туралы" N 28-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2009 жылғы 16 ақпандағы N 14-7 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 17 наурызда N 7-6-84 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2023 жылғы 5 қыркүйектегі № 10-10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 05.09.2023 № 10-10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексі 2009 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізілуіне байланысты аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

"Жәнібек ауданының жерлерін салық салу мақсатында жер салығының базалық ставкасының түзету коэффициентін бекіту туралы" 2006 жылғы 6 қыркүйектегі N 28-3 Жәнібек аудандық мәслихатының шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 7-6-33 тіркелген, аудандық "Шұғыла" газетінде N 42, 2006 жылғы 13 қазанда жарияланған) шешіміне төмендегі өзгерістер енгізілсін:

1. Кіріспесінде:

"338" деген сан "387" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*